Пән	сынып	Оқушылар саны	5	4	3	2	Білім сапасы	Үлгерім
Қазақ тілі	5 «А»	27	6	14	7	-	74	100%
Қазақ тілі	5 «Ә»	27	4	17	6	-	77	100%
Қазақ тілі мен әдебиеті	5 «Б»	11	2	4	5	-	54	100%
		65	**12**	**35**	**18**	**-**	**68**	**100**
Қазақ тілі	6 «А»	22	6	8	8	-	63	100%
Қазақ тілі	6 «Ә»	16	5	5	6	-	62	100%
Қазақ тілі мен әдебиеті	6 «Б»	20	5	5	10	-	50	100%
	6 «В»	8	3	2	3		62	
		66	**19**	**20**	**27**	**-**	**59**	**100**
Қазақ тілі	7 «А»	20	3	7	10	-	50	100%
Қазақ тілі	7 «Ә»	22	3	9	10	-	54	100%
Қазақ тілі мен әдебиеті	7 «Б»	7	3	2	2	-	71	100%

		49	**9**	**18**	**22**		**58**	**100**
Қазақ тілі	8 «А»	24	6	13	5	-	79	100%
Қазақ тілі	8 «Ә»	19	7	8	4	-	78	100%
Қазақ тілі мен әдебиеті	8 «Б»	14	3	4	7	-	50	100 %
		57	**16**	**25**	**16**	**-**	**69**	**100**
Қазақ тілі	10 «А»	12	2	8	2	-	83	100 %
Қазақ тілі	10 «Ә»	20	6	8	6	-	70	100 %
Қазақ тілі мен әдебиеті	10 «Б»	3	-	3	-	-	100	100 %
		35	**8**	**19**	**8**	**-**	**84**	**100 %**
Барлығы		**272**	**64**	**117**	**91**	**-**	**66**	**100**

9 сынып бойынша 56 оқушы негізгі мектепті бітіру емтиханына толық қатысты

Нәтижелер келесідей:

Пән	Оқушылардың саны	5	4	3	2	Білім сапасы	үлгерім
9 сынып							
Математика 9 «А»	25	2	10	13	-	48	100%
Математика 9 «Ә»	19	1	6	12	-	36	100%
Математика 9 «Б»	6	0	4	2	-	66	100%
Барлығы математика	**50**	**3**	**20**	**27**	**-**	**50**	**100%**
Қазақ тілі 9 «А»	25	5	13	7	-	72	100%
Қазақ тілі 9 «Ә»	19	3	4	12	-	39	100%
Русский язык 9 «Б»	6	2	2	2	-	66	100%
Барлығы қаз/ орыс тілі	**50**	**10**	**19**	**21**	**-**	**59**	**100%**
Орыс тілі 9 «А»	25	8	11	6	-	76	100%
Орыс тілі 9 «Ә»	19	3	4	12	-	36	100%
Қазақ тілі 9 «Б»	6	0	4	2	-	66	100%
Барлығы орыс / қаз тілі	**50**	**11**	**19**	**20**	**-**	**60**	**100%**
Қазақстан тарихы 9 «Ә»	19	5	2	12	-	36	100 %
География 9 «А»	25	6	13	6	-	75	100 %
История Казахстана9 «Б»	6	0	4	2	-	66	100 %

Барлығы таңдау бойынша	**50**	**11**	**19**	**20**	**-**	**59**	**100 %**

11 сынып бойынша 40 оқушы орта мектепті бітіру емтиханына толық қатысты

Нәтижелер келесідей:


Пән	Оқушылардың саны	5	4	3	2	Білім сапасы	үлгерім
11сынып							
Қазақ тілі 11 «А»	15	2	7	6	-	60	100%
Қазақ тілі 11 «Ә»	22	5	12	5		77	100%
Русский язык 11 «Б»	3	1	2	0	-	100	100%
Барлығы қаз/орыс тілі	**40**	**8**	**21**	**11**	**-**	**72**	**100%**
Алгебра және анализ бастамалары 11 «А»	15	1	6	8	-	46	100%
Алгебра және анализ бастамалары 11 «Ә»	22	2	13	7	-	68	100%
Алгебра и начала анализа 11 «Б»	3	-	2	1	-	66	100%
Барлығы алгебра	**40**	**3**	**21**	**16**	**-**	**60**	**100%**
Қазақстан тарихы 11 «А»	15	2	9	4	-	73	100%
Қазақстан тарихы 11 «Ә»	22	8	14	-	-	100	100%
История Казахстана 11 «Б»	3	-	3	0	-	100	100%
Барлығы Қазақстан тарихы	**40**	**5**	**17**	**6**	**-**	**91**	**100%**
Биология	19	3	10	6	-	**68**	100 %
Биология	3	-	3	-	-	**100**	100 %
Физика	4	1	3	-	-	100	100 %
География	9	3	6	-	-	100	100 %
Ағылшын тілі	1	1	-	-	-	100	100 %
Қазақ әдебиеті	4	2	2	-	-	100	100 %
География	2	-	2	-	-	100	100 %
Барлығы орыс/қаз тілі	**42**	**10**	**23**	**6**	**-**	**78**	**100%**
Орыс тілі 11 «А»	15	3	5	7	-	76	100%
Орыс тілі 11 «Ә»	22	8	9	5		77	100%
Казахский язык 11 «Б»	6	-	4	2	-	66	100%
Барлығы таңдау бойынша	**43**	**11**	**18**	**14**	**-**	**67**	**100**


ҰБТ-2025 қорытындысы

2024-2025 оқу жылында түлектердің саны-40

ҰБТ тапсырғандар саны-40 (100%), оның ішінде:
Шығармашылық емтихан - 8 түлек
Бейіндік пәндер:
Математика – физика-12
Ағылшын тілі-дүниежүзілік тарих-5
Биология-география-3
Биология-химия-4
География - дүниежүзі тарихы-1

Міндетті пәндер бойынша білім сапасының диаграммасы **Бейіндік пәндер бойынша орташа балл:**





11 "Ә" сыныбының түлегі Байтан Асел 101 ұпай жинап, "Алтын белгіні" растады.

ҰБТ-2024 орташа 64 баллды құрады. Бұл республика бойынша орташа көрсеткіштен 4 балға төмен.

ҰБТ 2023-2024 о. ж	ҚР бойынша жалпы орташа ұпайы	Мектеп бойынша жалпы орташа ұпайы
11 сынып	68	64

I.3. 2024-2025 оқу жылында атқарылған оқу- әдістемелік жұмыстарының қорытынды есебі

Мектептің әдістемелік тақырыбы :Кәсіби білікті дамыған,жаңа әдіс-тәсілді меңгерген, өзіндік бағыты ой-пікірі, ұстанымы бар, мақсат қоя білетін және оған жету жолдарын таба алатын, тұлға ретінде қалыптасқан мұғалімнің шеберлігін дамыту.

Мектептің ғылыми-әдістемелік жұмыс мақсаты:

- Мұғалімдер мен сынып жетекшілеріне оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде, оларды шығармашылық әрекетке баулуда білім беру саласындағы жаңалықтарды, озық педагогикалық тәжірибені жинақтап, таратуда кәсіби біліктілігі мен теориялық білім деңгейін көтеру ісінде нақты әдістемелік көмек көрсету.

Мектептің ғылыми-әдістемелік жұмыс міндеттері:

- Мектептің педагогикалық ұжымының іс-әрекетін жаңашылдыққа бағыттауды қалыптастыру(озық тәжірибені ендіру, жалпылау, тарату мен жүйелі зерттеу, үйрену)
- Тәрбие, білім берудің жаңа бағдарламаларын, оқу жоспарларын, мемлекеттік стандартын, нормативтік құжаттар, әдістемелік нұсқауларды талдау, игеру жұмыстарын ұйымдастыру.
- Жас мамандарға, пән мұғалімдеріне, сынып жетекшілері мен психолог, педагогтік қызметте жекелеген бір мәселелерде қиналатын мұғалімдерге жас ерекшеліктерін ескере отырып, диагностикаланған, сараланған негізде әдістемелік көмек көрсету.
- Мұғалімдерге педагогикалық білімін өз бетінше көтеру жолдарын үйрету.
- Оқу жоспары мен бағдарламаларын үйлестіру, жетілдіру, оқу пәндерінің мазмұнын жаңартуға және өңдеуге ұсыныстар беру.

Мектептің әдістемелік қызметі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы № 253 бұйрығына сай жұмыс атқарады. Әдістемелік қызмет білім саласына қатысты заңдар, заңнамалар, бағдарламалармен толық қамтамасыз етілген. Әдістемелік кеңесте күнтізбелік жоспарды жасауға қолданылатын бірыңғай талаптар, әдістемелік нұсқау хат, білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқу басылымдарының тізбесі таныстырылып, талқыланды. Бірлестік отырыстарында пән бойынша бағдарламалар қаралды. Бірлестік жетекшілеріне бірлестік іс-құжаттарын жүргізу жайлы нұсқау берілді. Жалпы білім беретін пәндер бойынша облыстық және республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 Бұйрығы негізінде жүзеге асырылды.

Мектептегі әдістемелік қызмет – бұл барлық педагогтар ұжымының шығармашылық ынтасын арттыруға және дамытуға, әрбір педагогтың кәсіби шеберлігін, біліктілігін жан – жақты көтеруге бағытталған іс- әрекеттер, сонымен қатар ғылыми жетістіктерге негізделген, үздік педагогикалық тәжірибелермен өзара байланыстағы шаралар жүйесі.

«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ 2024 жылдың 29 тамыз күнгі № 1 педагогикалық кеңестің шешімімен әдістемелік жұмыс жүйесін басшылық жасау мақсатында кеңес мүшелері бекітілді. Әдістемелік 5 пән бірлестіктері және 1 шығармашылық тобы, «Талапкер» жас мұғалімдер мектебі, «Зият» оқушылардың ғылыми қоғамдық ұйымы құрылып, жетекшілері тағайындалды.

Педагогтер туралы мәлімет

2023-2024 оқу жылында мектепте 65 мұғалім еңбек етсе, оның жоғарғы білімдісі 60 (91%);, арнаулы орта білімді- 5 (9%) , 51 әйел, 14 ер мұғалім. Педагог- зерттеуші – 2 (3%), педагог-сарапшы – 14 (21,5%), педагог-модератор-24 (37%).

.2024-2025 оқу жылында мектепте 64 мұғалім еңбек етсе, оның жоғарғы білімдісі 58 (91%);, арнаулы орта білімді- 6 (9%) , 50 әйел, 14 ер мұғалім. Педагог- зерттеуші – 2 (3%), педагог-сарапшы – 17 (27%), педагог-модератор-37 (58%).

Педагогтердің сапалық құрамы:

Оқу жылы	«педагог- шебер» біліктілік санаты	«педагог- зерттеуші» біліктілік санаты	«педагог-сарапшы» біліктілік санаты	«педагог-модератор» біліктілік санаты	«педагог» біліктілік санаты
2023-2024	0	2 (3%)	14 (21,5%)	24 (37%).	25(38,5%).
2024-2025	0	2 (3%)	17 (27%),	37 (58%).	8 (12%).

Қорытынды:

2023-2024 оқу жылымен салыстырғанда 2024-2025 оқу жылында педагогтердің сапалық құрамы жақсарған. «Педагог-зерттеуші» санаты өзгеріссіз қалса, «Педагог-сарапшы» санаты 21,5%-дан 27%-ға дейін өсті. «Педагог-модератор» санатындағы педагогтер 37%-дан 58%-ға дейін көбейді. Ал «Педагог» біліктілік санатындағы мұғалімдердің үлесі 38,5%-дан 12%-ға дейін азайды. Бұл мектеп педагогтерінің кәсіби өсуінің оң динамикасын көрсетеді.

Педагогикалық еңбек өтілі

3 жылға дейін	3 жылдан 15жылға дейін	16 жылдан 25 жылға дейін	25 жылдан жоғары
1	25	26	12

Жасы бойынша педагогтер құрамы

30 жасқа дейін	31 жастан 50 жасқа дейін	50 жастан жоғары

1	45	18

Педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өтуі

Жыл	Біліктілікті арттыру курсынан өткен педагогтер саны	Жалпы педагогтер санынан курстан өткен педагогтер саны
2022 жыл	34	45%
2023 жыл	31	48%
2024-2025 о.ж.	23	36%

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы» № 514 бұйрығына сәйкес бекітілген Жалпы білім беретін пәндер бойынша облыстық және республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесіне сәйкес олимпиадаларға, конкурстарға және жарыстарға қатысу туралы білім басқармасының бұйрығы басшылыққа алынады.

Мектепте қабілетті және дарынды оқушылармен жан-жақты жұмыс жүргізіледі.

Аудандық, облыстық және республикалық деңгейдегі олимпиадаларда, конкурстарда білім алушылардың жетістіктері
Достижения обучающихся в олимпиадах, конкурсах, районного, областного и республиканского уровней

2024-2025 оқу жылы

№	Оқушылардың аты-жөні	Жетістік атауы	Алған орны	сынып	пән	Деңгей	Жетекші мұғалім
1	Манарбек Айсұлу	5-11 сынып оқушыларына арналған жалпы	3	5 «А»	Орыс тілі мен әдебиеті	аудандық	Кызырова С.К.
2	Саркулакова Алана		3	5 «Б»	Орыс тілі мен әдебиеті	аудандық	Гайнутдинова И.М.
3	Придуха Матвей		грамота	5 «Б»	Қазақ тілі мен әдебиеті	аудандық	Жампеисова А.М.
4	Сураухан Айдана		грамота	6 «Ә»	Ағылшын тілі	аудандық	Арыстан А.

5	Искакова Аида	**білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадасының аудандық кезені**	грамота	6 «Б»	Орыс тілі	аудандық	Абдрахманова Г.Р.
6	Слямова Асем		3	7 «Б»	Русский язык и литература	аудандық	Гайнутдинова И.М.
7	Лайрих Мария		2	7 «Б»	Қазақ тілі мен әдеб	аудандық	Жампеисова А.М.
8	Аманжол Аружан		2	8 «Ә»	химия	аудандық	Мухамет Е.
9	Искакова Зарина		2	9 “А”	физика	аудандық	Мекей З.
10	Меке Ақжол		2	11 “А”	Ағылшын тілі	аудандық	Бугай Г.
11	Серикбол Шолпан		1	10 “Ә”	Қазақ тілі мен әдеб	аудандық	Дубайхан Б.
12	Болат Ерасыл		3	9 “А”	Қазақ тілі мен әдеб	аудандық	Серикбай М.
13	Силамхан Жансая		3	11 “А”	Қазақ тілі мен әдеб	аудандық	Саяси А.
14	Егинбаева Риза		3	11 “А”	Орыс тілі	аудандық	Абдрахманова Г.Р.
15	Жанибек Махаббат		1	11 «Ә»	Орыс тілі	аудандық	Кызырова С.К.
16	Нух Қарлыгаш		3	10 “Ә”	география	аудандық	Смаилова Ж.Т.
	Жанибек Махаббат		Сертификат	11 “Ә”	Орыс тілі	**Облыстық**	Кызырова С.К.
	Серикбол Шолпан		Сертификат	10 “Ә”	Қазақ тілі мен әдеб	**Облыстық**	Дубайхан Б.
17	Уаживқызы Нұрай	**Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша Президенттік олимпиада**	3	11 «Ә»	Математика физика химия биология	аудандық	Көрпеш Ж. Мекей З. Мухамет Е. Депутат Н.
18	Оспанова Асель	**“Лингвистика” байқауының аудандық кезеңі**	3	11 “Б”		аудандық	Жампеисова А.М.
19	Нелис Арина		3				Жампеисова А.М.
20	Серикбол Шолпан		3	10 “Ә”		Аудандық	Дубайхан Б.
21	Алданыш Нұрсолтан		3	8 “Ә”		Аудандық	Дубайхан Б.

22	Сэригболатұлы Сәттібек	**“Ақберен” республикалық өнер байқауы**	1	10 “Ә”		Аудандық	Дубайхан Б.
23	Сэригболатұлы Сәттібек		1	10 “Ә”		**Облыстық**	Дубайхан Б.
24	Сэригболатұлы Сәттібек		2	10 “Ә”		**Республикалық**	Дубайхан Б.
25	Каден Нұрсұлу	**“Менің шағын Отаным” атты интеллектуалдық конкурсының “Менің кішкентай Отанымның тарихы” номинациясы**	грамота	10 “А”	тарих	аудандық	Ардай Х.
26	Аманжол Аружан	**«IQanat» республикалық олимпиадасы**	Жүлдегер	8«Ә»	Биология География Қазақстан тарихы Матем Физика Химия	аудандық	Пән мұғалімдері
27	Жиенбай Аружан		жүлдегер	8 «А»		аудандық	Пән мұғалімдері
28	Анес Айдын	**2-7 сынып оқушылары арасында «Зерде» зерттеу жобалары конкурсы**	2	4 «Ә»	этномәдениет	**Облыстық**	Анес Х.
29	Серикболат Шолпан	**Бейімбет Майлиннің 130 жылдығына арналған « Ана тілім – Алашымның айыбыны» атты аудандық жаза ақындар мүшәйрасы**	1	10 “Ә”	Қазақ тілі	Аудандық	Дубайхан Бахыт
30	Уажив Нурай Байтан Асель Тырнахан Ақтоты	**Аудандық пікір - сайыс**	3	11	Қазақ тілі	Аудандық	Жампеисова А.М
31	Каден Нурсулу	**Аудандық Мұқағали**	2	10«А»	Қазақ тілі	аудандық	Кендебай Маншук

32	Көшкенбек Айгерім	**Мақатаев оқулары**	3	10«А»	Қазақ тілі	аудандық	Кендебай Маншук
34	Серикболат Шолпан	**«Жарқын болашақ» олимпиадасы**	1	10 «Ә»	Қазақ тілі	аудандық	Дубайхан Бахыт
35	Серикболат Шолпан		1	10 «Ә»	Қазақ тілі	**облыстық**	Дубайхан Бахыт
36	Серикболат Шолпан		сертификат	10 «Ә»	Қазақ тілі	**Республикалық**	Дубайхан Бахыт
37	Сураухан Айдана		2	6 «Ә»	Қазақ тілі	аудандық	Саяси А.
38	Болат Ерасыл	**Қанипа Бітібаева атындағы олимпияда**	1	9 «А»	Қазақ тілі	Аудандық	Серикпай М
39	Дәлелхан Аллаберген		2	11 «А»	Қазақ тілі	Аудандық	Саяси А.
40	Оркен Мейрамбек	**Аудандық Махамбет оқулары**	2	8 «Ә»	Қазақ тілі	**облыстық**	Аманкелд К
41	Серикболат Шолпан	**Аудандық Абай оқулары «**	2	10 «Ә»	Қазақ тілі	аудандық	Аманкелд К
42	Байтан Асел	**«AltynTulek» олимпиадасы**	сертификат	11 «Ә»	математика	**Облыстық**	Көрпеш Ж. .
43	Уаживқызы Нұрай		3	11 «Ә»	математика	**Облыстық**	
44	Уаживқызы Нұрай		2	11 «Ә»	математика	**Республикалық**	
45	**Ерболұлы Айсұлтан**	**2-7 сынып оқушылары арасында «Зерде» зерттеу жобалары конкурсы**	**1-орын**	7«Ә»	Тарих, өлкетану	аудандық	Ардай Х.
45	**Искакова С.Б.**		**2-орын**		Медицина, психология	аудандық	Тоқтарбай О.
46	**Куаныш Даяна ,**		**3-орын**	4«Б»	Информатика	аудандық	Лажай А.
47	**Бейбитханұлы Бегарис**		**3-орын**	7«А»	Информатика	аудандық	Жунусова Н.С
48	**Қайрат Ақерке**		**3 орын**	6 “Б”	Тарих, өлкетану	аудандық	Ардай Хуанткан;

49	**Харатас Гүлжансая**		**3 орын**	2 “А”	Информатика	аудандық	Мухамед О
50	**Есенбекқызы Айзере**	**Аудандық Абай клубтары бастауыш сынып оқушыларының арасындағы "Абай оқулары" байқауы**	**Бас жүлде**	**3"А"**		аудандық	Аманкельд К.
51	**Күнтуғанқызы Айару**		**Бас жүлде**	**1"А"**		аудандық	Жунусова Н. С.
52	**Ілгербекқызы Гаухар**		**Бас жүлде -**	**4"Ә**		аудандық	Анес Х.
53	**Серикбай Айдын**		**1 орын**	**3"Ә**		аудандық	Аманбек Г.
54	**Ілгербек Айша**		**1 орын**	**1"Ә"**		аудандық	Макашева А. А.
55	**Нұрдолдай Бибінұр**		**2 орын**	**3"Б**		аудандық	Тогтарбай О.
56	**Бақытбекқызы Жібек**		**сертификат**	**4"Б"**		аудандық	Лажай А.
57	Нұрбекұлы Елдос	**« Мың бала» ұлттық зияткерлік олимпиадасы**	сертификат	6«Б»		**Аудандық**	Мадениет Е.
58	Серікбол Жеңіс	**Міржақып Дулатұлы 140 жылдығына арналған аудандық жазба ақындар мүшәйрасы**	Диплом	5 “Ә”		**Аудандық**	

Слипец Т.И - Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған “Алтын тұғыр” математикалық олимпиадасының аудандық кезеңіне қатысып 2 орынға ие болды

1. Тогтарбай Оноргуль - Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған “Алтын тұғыр” математикалық олимпиадасының аудандық кезеңіне қатысып 3 орынға ие болды

Аудандық және облыстық пән олимпиадасының көрсеткіштері

Көлемінде	Аудандық	Облыстық
2023-2024о.ж.	24 оқушы	1 оқушы
2024-2025о.ж	16	2

Онкүндіктер туралы

2023-2024 оқу жылына жоспарланған барлық пән онкүндіктері өткізілді. Құжаттары жинақталдып, әдістемелік кабинетке өткізілді. Онкүндіктердің өткізілу барысы инста парақашаға жарияланып салынып отырды. Мектептегі әдістемелік қызметтің жұмыс барысы ашық және қолжетімді болуы үшін, барлық әдістемелік жұмыстардың қорытынды анықтамалары, пән онкүндіктерінің ашылуы, ашық сабақтар өз уақытымен өткізіліп, әр бірлестіктің онкүндіктегі жұмыстары сараланып мектептің әлеуметтік желідегі инстаграм парақшасына жарияланып отырды.

Мұғалімдердің аттестациядан өтуі туралы.

2024-2025 оқу жылында мектепте 64 мұғалім еңбек етті, Педагог- зерттеуші – 2, педагог-сарапшы – 14, педагог-модератор – 24, педагог- 15 мұғалім.

Аттестациядан өтуге 12 мұғалім өтініш беріп Атап айтсақ педагог-сарапшыға 6 мұғалім (оның ішінде үш педагог-мерзімінен бұрын), педагог-модераторға 6 мұғалім.

ПББ (педагогтың білімін бағалау)нәтижелері

Оқу жылы	**Қатысушылар саны**	**Шекті балл жинағандар**	**Шекті балл жинағандардың %**	**Шекті балл жинамағандар**	**Шекті балл жинамағандардың %**
2022-2023	10	5	50%	5	50%
2023-2024	21	15	71%	6	29%
2024-2025	12	8	67%	4	33%

Қорытынды: 2024-2025 оқу жылында қатысушылар саны 12 адамға азайғанымен, шекті балл жинағандардың үлесі 67% (8 адам) болып отыр. Бұл көрсеткіш өткен оқу жылына қарағанда сәл төмендегенімен, жалпы алғанда оң динамика сақталған.

Жалпы педагогтардың білімін бағалау көрсеткіштері жылдан-жылға жақсаруда.Қатысушылар саны көбейіп, шекті балл жинағандар үлесі артқан. Дегенмен, кейбір мұғалімдер әлі де шекті балл жинай алмай отыр, сондықтан шекті балл жинай алмаған педагогтармен қосымша әдістемелік жұмыстар жүргізу қажет.

2024-2025 оқу жылындағы жас мамандармен атқарылған жұмыстар туралы

2024-2025 оқу жылында біздің мектепте 1 жас маман бар (қоса атқарушы) . Жас мамандардың шығармашылық қабілеттерін ашу және кәсіби деңгейін көтеру мақсатында жас мамандар мен озық тәжірибелі мұғалімдердің байланысын бекітіп, жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету үшін тәжірибелі ұстаздардан тәлімгерлер бекітілді. Олар:

№	Жас мұғалімнің аты-жөні	Пән атауы	Еңбек өтілі	санаты	Тәлімгердің аты-жөні	Еңбек өтілі	Санаты
1.	Жантуарова Айгерим Тулеутаевна	Мектепалды	0	санатсыз	Аманбек Гулдаурен	13	Педагог-модератор

Бұйрық бойынша бекітілген жас мамандар мен тәлімгерлермен бірлесе отырып жүргізілетін жұмыстардың жылдық жоспары жасалып, мақсаттары мен міндеттері айқындалды.

Мақсаты:

-педагогикалық шеберлікті арттыру және теориялық білімдерін жетілдіру;
-сұрақтары бойынша мұғалімг практикалық көмек беру;
-жас мамандард ұжымдық ортаға бейімдеу;
-әдістемелік көмек көрсету және жеке шығармашылық қызметін қалыптастыру;
-өзара сабаққа қатысу арқылы сабақ беру әдісін жетілдіру;
-педагогикалық шеберліктерін жетілдіруге баулу жұмыстарын жүргізу.

Міндеттері:

-жас мамандардың өзін-өзі үзбей жетілдіру қажеттілігін қалыптастыру;
-оқушыларды білім беру мен тәрбиелеуде жаңа түрлер мен әдістерді қолдануын қалыптастыру;
-нормативті-құқықтық құжаттармен таныстыру;
-жаңа оқу жылында жас мамандардың бастапқы қажеттіліктерін анықтау және әдістемелік жұмыстың түрін таңдау.

1. Осы мақсат,міндеттер негізінде жас мамандармен жоспарға сай жұмыстар жүргізіліп, жыл бойына 5 жас мамандар отырысы өткізілді. Әр отырыста жас мамандарға әр түрлі бағытта (баяндама,ойын,коучинг,тренинг), әр түрлі пән негізінде әдістемелік көмектер көрсетіліп, тәжірибелі ұстаздар өз тәжірибелерімен бөлісті. Электрондық журналын жүргізу бойынша да түсіндіру жұмыстары жүріп, ережелерімен таныстырды. Жас мамандардың пікірі тыңдалып, ұсыныстары бойынша қосымша жұмыстар да

қолға алынып,жүзеге асты. Мектеп психологтары жас мамандарға ортаға тез бейімделіп, тұлғалық қалыптасуларына психологиялық тұрғыдан қолдау беріп, сауалнамалар алды. Жас мамандар әр түрлі іс-шараларға белсене қатысып, жыл бойы жинаған тәжірибелері негізінде 08.04.2025-12.04.2025 ж аралығында апталық өткізді. Онкүндіктің ашылуы,жабылуын салтанатты түрде жоғары деңгейде өткізіп, онкүндік барысында жас мамандар түрлі тақырыпта ашық сабақтар өткізді.Ашық сабақтарға жоғары тәжірибелі ұстаздар мен әкімшілік қатысып, сыни ескертпелері мен мадақтау,жігерлендіру сөздерін де айтты. Ұстаздық жолында шығармашылық табысқа ұмтылған мектептің жас мұғалімдері ұрпақ тәрбиесіндегі еңбектерінде жауапкершілікті жоғары бағалайтынын аңғартты. Ұстаздар мектепте өткен оқу-тәрбиелік іс-шараларға, қоғамдық жұмысқа белсе

2024-2025 оқу жылындағы «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің жүргізілген оқу - тәрбие процесінің жұмыстарына SWOT-талдау, жаңа 2025-2026 оқу жылындағы алға қойған міндеттері

МЕКТЕПТІҢ КҮШТІ ЖАҚТАРЫ:

- ✓ Әр пән бойынша , сынып бойынша білім сапасының монитрингілеуі.
- ✓ Әр оқу жылында спорттан , өнер саласынан ауданда, облыста , республика бойынша қатысушылардан жүлделі орын иегерінің шығуы
- ✓ Пән олимпиадасына оқушылардың қатысу белсенділігінің жоғары болуы және аудандық облыстық кезеңдері бойынша жүлделі орын алауы.
- ✓ Мұғалімдердің біліктілік арттыру курстарын оқып, білімдерін жетілдіруі.
- ✓ Мұғалімдердің аудан, облыс деңгейінде озық тәжірибесімен бөлісуі,
- ✓ Кездескен кедергілерді бірлесе шешуге дағдыланды
- ✓ Мұғалімдер озық іс- тәжрибелерімен алмасуы

МЕКТЕПТІҢ ӘЛСІЗ ЖАҚТАРЫ:

- ✓ Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстардың аздығы, сабаққа қызығушылығының, өзін-өзі бағалаудың төмендігі;
- ✓ Нысаналы мектептер қатарына енілуі
- ✓ ҰБТ-дің жеткіліксіз көрсеткіштері
- ✓ Пән мұғалімдерінің өзара сабаққа қатысуының төмендігі.
- ✓ Педагогтерді курстан кейінгі қолдау жұмыстарының іске асырылмауы;
- ✓ Мұғалімдердің Pisa, Pirls, Timms тапсырмаларын қмж енгізіп, сабақ барысында дұрыс қолданбауы
- ✓ «Шебер мұғалім» санатындағы мұғалімдердің болмауы, «педагог-зерттеуші» аздығы және «педагог-сарапшыі» санының жеткіліксіздігі.
- ✓ Әртүрлі кәсіби шеберлік байқауларына қатысатын мұғалімдердің аз пайызы.

МҮМКІНДІКТЕР:

- ✓ Мақсатты мектептердің жоғары деңгейіне өту
- ✓ Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстарды жандандыру, өзін-өзі бағалауын көтеру, мотивация беру мақсатныда психологиялық жұмыстарды да жанжандыру. Пән мұғалімдері қосымша сабақтарды сапалы ұйымдастыру
- ✓ Жас мамандардың қажеттілігіне сай коучингтер, семинарлар, конференциялар ұйымдастыру

- ✓ Жас мамандарға тәжірибе алмасу
- ✓ Ата - аналардың оқыту және оқу үдерісіне қатысу белсенділігін арттыру. Ашық есік күндерін ұйымдастыру.
- ✓ Дарынды оқушыларды педагогикалық –психологиялық сүйемелдеу мақсатында тренингтер ұйымдастыру
- ✓ Оқушы көшбасшылығын дамыту
- ✓ Интернет ресурстары пайдалану мүмкіндігін арттыру
- ✓ Ұстаздар мен оқушыларды ғылыми-ізденіс жұмыстарға тарту және дарындылық қабілеттерін арттыру бағытындағы жұмысты дамытып, нәтижелі көрсеткішке қол жеткізу мүмкіндігі;
- ✓ Курс оқыған мұғалімдердің курстан кейінгі жұмыстарын ұйымдастыру
- ✓ Pisa, Pirls, Timms тапсырмаларын сабақ барысында пайдалану жолдары бойынша пән мұғалімдерімен шебер сыныптар, семинарлар, коучингтер ұйымдастыру

ҚАУІП - ҚАТЕР

- ✓ Педагог мамандардың кейбірінің өзін –өзі бақылау және бағалау жүргізе алмауы;
- ✓ Жекелеген сабақтарда кейбір оқушылардың топта өз ойын ортаға сала алмауы
- ✓ Оқушылардың жекелеген пәндерге қызығушылығының болмауынан сабаққа дайындалмай келуі, білім сапасының төмен болуы
- ✓ Ата - ана тарапынан балаларының сабағын қадағалаудың аздығынан, оқушылардың тәртібінің нашарлауы
- ✓ Кейбір оқушылардың білім сапасының төмендігінің сыныптың білім сапасына әсері.
- ✓ Үлгерімі төмен оқушылардың мектеп бағдарламасын толық игере алмауы
- ✓ Оқушылардың сабақ барысында алған білімін өмірде қолдана алмауы.

2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДА АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕР:

1. Мұғалімдердің педагогикалық теориясы мен іс-тәжірибесі бойынша жаңа инновациялық технологиялар мен озық іс-тәжірибелерді зерттеу, үйрету, насихаттау және тарату.
2. Жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологияға бейімделген білім берудің ғылыми-әдістемелік базасын жасау, электрондық оқулықтар кітапхана қорын, аудиовизуалдық, мультимедиалық бағдарламаларды, халықаралық желін бағдарламаларын жүйелі пайдалану.
3. Оқу тәрбие процесінде заманауи технологияларды қолдану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыру, олардың өз бетінше танымдық қызметке деген қажеттіліктерін қалыптастырып, ойлау қабілетін дамыту. Білім алушылардың бойында функционалдық сауаттылықты және кең ауқымды дағдыларды қалыптастыру
4. Мұғалімдер мен оқушылардың бірлесіп, шығармашылық пен жұмыс істеуіне ықпал жасау, оқушы қызметін дамыту, оларға барынша дербестік беру.
5. Оқушылардың танымдық ізденістерін тиімді ұйымдастыру арқылы шығармашылық тұлға қалыптастыру, ғылыми жоба, зерттеу жұмыстарына тарту, оқушылардың зерттеу қабілеттерін дамыту
6. Облыстық, Республикалық пән олимпиадасына қатысу деңгейін көтеру, дайындық жұмыстарын жандандыру. қатысушылардың санын арттыру.
7. Үлгерімі нашар, ерекше қадағалауды қажет ететін және қорғаншылық есебінде тұратын , әлеуметтік жағдайы төмен оқушылармен жұмыстарды жандандыру

8. Әдістемелік бірлестік жұмысын жандандырып, қоғамдастық топ мүшелері мен мұғалімдер кәсіби біліктілігін өз еркімен нәтижелі көрсеткішке қол жеткізіп , оқушылармен топтық жұмыста педагогикалық шеберлігінің сапалық көрсеткішін көтер
9. Lesson Study сабақты зерттеу әдісі бойынша ұйымдастырылған зерттеу топтарының жұмыстарын жандандыру, нәтижесін мұғалімдермен бөлісу арқылы тәжірибе алмасу.
10. Жас мамандар санының көптігіне байланысты олармен әдістемелік және психологиялық тұрғыда жұмысты күшейту, психологиялық қолдау көрсету.
11. Электрондық журналдың толтырылуын қамтамасыз ету.
12. Аудандық ҰБТ орталығымен байланыс орнату,оқушылардың таңдау пәндеріне сәйкес мамандық таңдауына ықпал ету.
13. Мақсатты мектептердің жоғары деңгейіне өту

1.4. Тәрбие жұмысының жүйесін талдау

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы –ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

2024-2025 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына өзгерістер енгізіліп, жүзеге асырылуда. Қазіргі қоғамда оқушылардың арасында көптеген вейб, лудомания, буллинг, кибербуллинг, құқықбұзушылық қатарлы мәселелер туындап жатыр. Сондай жат қылықтардың алдын алу мақсатында бағдарлама ұлттық құндылықтарға бағытталған. Жалпы, былтырғы бағдарламада үш құндылық болса, биыл алты құндылыққа негізделгенін айта кету керек. Оқу жылының басында бағдарламаның тиімділігі туралы, қалай жүзеге асырылуда, бағдарламаны жүзеге асыру бағытында қандай қиындықтар туындады деген сұрақтар да болды. Осы орайда «Біртұтас тәрбие» жүйесін стратегиялық маңызды құжаттардың бірі деп айтуға болады. Себебі, біз осы тәрбие арқылы, тек қана мектеп емес ата-ана, білім ошағы үштік болып, болашақ ұрпақты тәрбиелейміз.

«Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 2024-2025 оқу жылына арналған жаңа жоспар бекітілді. Бүгінгі таңда барлық ұстаз оқушылардың бойына ұлттық мүддені сіңіре отырып, жоспар бойынша жұмыстар атқарылып келді. Атап айтсақ, «Күй күмбірі», «8 минуттық оқу», «Үнемді тұтыну», «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы», «Өнегелі 15 минут» сынды оқыту шаралары күнделікті өткізіледі. Оған қоса, аптаның әр күні «Әдеп күніне», «Денсаулық күніне» «Ұлттық құндылықтар күніне» арналған жұмыс жүргізіліп отырылды. Сонымен қатар, апта сайын әнұран орындалды, апта дәйек сөздері әрбір апта сайын сынып қабырғаларында жаңартылды, қауіпсіздік сабақтары жүргізілді..

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ:

- Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

- **Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;

адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;

табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиел

- **Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:**

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын

болуға баулу;

әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

- **Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:**

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;

біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

- **Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:**

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;

білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

- **Бағдарлама мазмұны:**

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

- **Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:**

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

- ✓ **<u>Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық</u>**

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Бастауыш мектеп түлегі:

мемлекеттік тілді білу және құрметтеу;
мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне сүйіспеншілік таныту;
дәстүрлерді сақтау және құрметтеу;
отбасының құндылығын түсіну;
тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту;
қоршаған ортаға қамқорлық жасау.

- ✓ **<u>Құндылық: бірлік және ынтымақ</u>**

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

Бастауыш мектеп түлегі:

командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жетуде бірлесіп әрекет ету;

өз ісіне мұқият болу және басқаларға көмек көрсету;

басқаларға құрмет көрсету және олардың ерекшелігіне төзімді болу;

бірлескен жетістіктерге ұмтылу және ұжымдық күш жігерді ынталандыру;

тапсырмаларды орындауда және мәселелерді шешуде бір-біріне көмектесу.

- ✓ **<u>Құндылық: әділдік және жауапкершілік</u>**

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

Бастауыш мектеп түлегі:

шындықты айту;

достыққа адал болу;

жақсылық пен жамандықты, әділдік және әділетсіздікті ажырата білу;

өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау;

заттар мен мүлікті ұқыпты ұстау.

- ✓ **Құндылық: заң және тәртіп**

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

Бастауыш мектеп түлегі:

өз құқықтары мен міндеттерін білу, әдеп нормаларын ұстану, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық ережелерін сақтау;

қауіпсіздік ережелерін, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін білу және сақтау;

педагогтерге немесе ата-аналарға проблеманың алдын алу және шешу үшін шаралар қабылдауда көрген немесе білетін қауіптер туралы хабарлау;

кемсітушілік пен қудалаудың кез-келген түрінен аулақ бола отырып, педагогтердің, сыныптастарының құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу.

- ✓ **Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Бастауыш мектеп түлегі:

мамандықтың ерекшеліктерін білу және адамдардың еңбегін құрметтеу;

өз-өзіне қызмет ету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қолдану;

отбасында және оқуда қажетті жұмыстарды жүйелі түрде тәртіпті және сапалы орындау;

нәтижеге жету мақсатын белгілеу және оны іске асыруды жоспарлау, ұйымдастыру және оған қол

жеткізуге ұмтылу;

өз білімі мен дағдыларын дамыту үшін тыңғылықты жұмыс істеу.

- ✓ **Құндылық: жасампаздық және жаңашылдық**

Құзыреттілік: шығармашылық

Бастауыш мектеп түлегі:

қоршаған әлемді зерттеу, сұрақтар қою, эксперименттер жүргізу және алынған мәліметтер негізінде

қорытынды жасай алу;

жаңа идеяларды қалыптастыру, мәселелердің стандартты емес шешімдерін көру және оларды іс жүзінде

қолдана алу;

инновациялық идеяларды жүзеге асыруға ықпал ететін компьютермен жұмыс істеу негіздерін және басқа

да технологиялық дағдыларды меңгеру;

жаңа тәсілдер мен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу;

өз әрекеттерінің қоршаған әлем үшін маңыздылығы мен салдарын түсіну.

Әр айдың іс-шаралары :

күнделікті

• «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

• **«Апта дәйексөздері»** – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.

• **«Қауіпсіздік сабағы»** – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.

• **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

• **«Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

• **«Үнемді тұтыну»** – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу.

• **«Күй күмбірі»** – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау апта сайын.

Жоғарыдағы мәліметтерді ескере отырып мектебіміэде екі көлемінде көптеген іс шаралар жүргізілді. Атап айтар болсақ: Қыркүйек айының басталысымен білім күніне арналған іс –шаралар ұйымдастырылды. «Менің Отаным Қазақстан» атты 5-11сыныптар арасында сынып сағаттары өткізілді**.**

https://www.instagram.com/reel/C_arzoxIv1A/?igsh=MW13cHJ0ZWt6enE2OQ==

https://www.instagram.com/reel/C_arzoxIv1A/?igsh=MW13cHJ0ZWt6enE2OQ==

«Жол тәртібі ережесі» тақырыбында 3 сыныптар арасында саптық жиын өтті.

«Отбасы күніне» орай «Отбасы махаббат пен адалдық белгісі» тақырыбында 2 «Б» сынып оқушыларымен сынып сағаты өткізілді. Мақсаты:Оқушыларға «Отбасы туралы» түсінік беру,олардың үлкенді сыйлау кішіге қамқор болу,жауапкершілік сезімдерін дамыту , әдептілікке, сыпайылыққа,мейірімділікке,үлкенге көмек көрсетуге тәрбиелеу.

Біртұтас тәрбие жоспары негізінде ар-ұят құндылығын дәріптей отырып, мектеп фракциясының қыздары "Бұрымды қыз" челленджін жалғастырды.

Мақсаты: қыздардың бұрымды болуына, ұлттық тәрбие негіздері мен салт-дәстүрді білуге, талғамын қалыптастыру, халықтың әдеп пен өнерді дәріптеуге, ұзын шаштарын мақтан етуге үйрету.

https://www.instagram.com/reel/DAiwU5Lo33_/?igsh=MXVkZWFpNndvaHo4Mg==

Біртұтас тәрбие жоспары негізінде ар-ұят құндылығын дәріптей отырып, мектеп фракциясылары үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде «Көңілді қоңырау» ойынын 3 сыныптармен бірге өткізді.Мақсаты:2 санының көбейту кестесін,ойнап жүрін жатқа білу.

https://www.instagram.com/reel/DAATYTmo_r7/?igsh=NGs2dTE1dDlibzFu

Құқық және тәртіп фракциясының қолдауымен оқу жылына жұмыс жоспарын бекітілді.

«Оқулықты күтіп ұста» тақырыбын 5-6 сыныптар арасында тәрбие сағаты өтті.Оқушылар өте белсенді қатысып, сынып жетекшісімен бірге оқушылар сурет салды.

«Жан қазынасы адамгершілік негізі» Мәдениет және өнер фракциясы 7-8 сыныптар бірге жұмыс жасады. «Өрт қауіпсіздігі» тақырыбында 3 сыныптар арасында сынып сағаттары өтті.Оқушылар сабаққа өте белсене қатысты. Біртұтас тәрбие бағдарламасы жоспары негізінде іс-шара өткізілді Дөңгелек үстел барысында нашақорлықтың адам өміріне тигізер залалы жайында түсіндірді жәнеде оқушылар нашақордың таралу жолдары туралы талқылады.

Спорт фракциясы ‘Біздің ғасырымыздың басты дерті-нашақорлық ‘тақырыбында баяндама оқыды.

«Еркіншілік ауылының ЖОББМ»КММ-де 9 , 10, 11, сыныптар арасында отырыс өтті. Қарастырылған мәселелер:Дублер күнін өткізу ережесі.

https://www.instagram.com/reel/DA5HJM2ov8e/?igsh=MXZ5MWtjb282aHRodQ==
Қазан айында «Ұстазым –мың тағзым» тақырыбында 11 сынып оқушылары барлық ұстаздарға арнап, видеоролик жасап,құттықталарын жеткізді.Кезекші сыныптар арасында сынып сағаттары өтті.

https://www.instagram.com/p/DA5IlAtoLlD/?igsh=MXJ1Mm45ZWxuYXEzMA==

«Біртұтас тәрбие» жоспары негізінде Ұлттық мүдде бағыты бойынша «Еркіншілік ауылының ЖОББМ» КММ-нің «Өзін-өзі басқару»ұйымының мүшесі Тырнахан Ақтоты «Дублёр» күнінде 0-сынып оқушыларымен бір күнін өткізді.

https://www.instagram.com/reel/DAtPzb9IZSA/?igsh=dGx6ODBja28xamxm

«Біртұтас тәрбие» жоспары негізінде Ұлттық мүдде бағыты бойынша «Еркіншілік ауылының ЖОББМ»КММ-нің 6-сынып оқушылары «Даналық ұстаздан» атты челленджіне «Ұстазым» әнін орындады.

https://www.instagram.com/reel/DAqF2WboTK9/?igsh=bTQwcHZ0ZmFjN3Bj

«Біртұтас тәрбие»жоспары негізінде Ұлттық мүдде бағыты бойынша «Еркіншілік ауылының ЖОББМ» КММ-нің 6 сынып оқушылары «Жастар» күйін,үлкен үзілісте орындады

https://www.instagram.com/reel/DB0aEj-Iapo/?igsh=MW45aW9jdHRpcG1jeQ==

«Біртұтас тәрбие»жоспары негізінде Ұлттық мүдде бағыты бойынша «Еркіншілік ауылының ЖОББМ»КММ-нің «Өзін-өзі басқару»ұйымының мүшелері мен 9 сынып оқушылары 1қазан «Халықаралық қарттар күні» мерекесімен барша Қазақстандықтарды құттықтады.

https://www.instagram.com/reel/DAlPzwwovtB/?igsh=OTFoZGJidzNvN3oz

«Біртұтас тәрбие» жоспары негізінде ,Ұлттық мүдде бағыты бойынша «Еркіншілік ауылының ЖОББМ»КММ- нің «Өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері 5қазан Ұстаздар күніне орай барша Қазақстандықтарды төл мерекесімен құттықтады.

https://www.instagram.com/reel/DAqH7Hnou5w/?igsh=ZWF4Z3VxcDZnbG5r

Біртұтас тәрбие бағдарламасының Ұлттық мүдде құндылықты басшылыққа ала отырып, «Еркіншілік ауылының ЖОББМ» КММ-де 6 «А» сынып оқушыларымен «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында танымдық сағат болды.Мақсаты:сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды негізге ала отырып,құқықтық мағлұмат беру,білімдерін қалыптастыру,өз еліне адал қызмет етуге ,Ата заңды құрметтеуге, адамгершілікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу.

6 – «Б» сынып оқушылары «Әншуақ» балалар фестиваліне қатысып «Мектебім» әнін орындады.

https://vm.tiktok.com/ZMhxFg4Y3/

"Еркіншілік ауылының ЖОББМ" КММ-нің Экология және еңбек фракциясының министрі және 8 сынып оқушылары «Таза бейсенбі» челлендж өткізді.

https://www.instagram.com/reel/DB0bBCNIF4u/?igsh=NzRqZ21rZ3VkYnNr

Қазақстан Республикасының «Құтқарушылар күніне» орай «Еркіншілік ауылының ЖОББМ» КММ-нің мектеп парламенттері «Құтқарушыларға мың алғыс» республикалық челленджіне қатысты.

https://www.instagram.com/reel/DACooMCIKu_/?igsh=dGpiaW8wcHRwOHU1

Біртұтас тәрбие бағдарламасының Ұлттық мүдде құндылықты басшылыққа ала отырып, «Еркіншілік ауылының ЖОББМ» КММ-де 4 «Ә» сынып оқушылары үлкен үзілісте «Атамекен» әнін орындады.

https://www.instagram.com/reel/DAI4frOoPrM/?igsh=djRjOWpoaTRzNzJ0

Біртұтас тәрбие бағдарламасының Ұлттық мүдде құндылықты басшылыққа ала отырып, «Еркіншілік ауылының ЖОББМ» КММ-де 4 «Ә» сынып оқушылары үлкен үзілісте «Атамекен» әнін орындады.

Осы жүргізілген іс-шаралар құндылықтардың тек біркүндік акция ғана емес, жүйелі түрде қалыптастырылып келді. Осы орайда айта кететін жай мектебімізде сынып сағаттары мен үйірмелердің жүргізілу барысын қадағалап отырамыз.

Өнегелі 15 минут іс-шарасы туралы тоқталып кететін болсақ, бастапқы кезде көп түсінбеушіліктер туындады, яғни өнегелі 15 минутты оқушының ата-анасымен бірігіп осы іс-шараға қосымша түсіндірме жұмыстарын жүргізілді. Мысалы, зорлық-зомбылық қайдан

туындайды? Бала оны сыртта естиді, ақпарат көздерінен көреді. Мейлі, үйінде жақсы тәрбие алған бала болсын, бірақ біз оған көңіл бөлмейміз. Бірақ, қазіргі кезде балаға сыртқы әсер етуші факторлар көп. Соған еліктеуі, еруі мүмкін. Сондайды болдырмас үшін күн сайын «Өнегелі 15 минут» деп аталатын құндылық бар екені түсіндірілді. Ата-аналар жиналысында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын таныстырып, ұсыныстар берілді. Ата-анамен баланың арасында күн сайын жылы қарым-қатынас орнау керек екені туралы ұсыныстар берілді. Сонымен қатар, Ата-аналардан «Балаларыңызбен не туралы сөйлесесіз?» деген сауланама алынған кезде ата-аналардың «Сабағыңды қалай оқыдың?», «Қандай баға алдың?» деп сұраймыз деген жауаптары болды. Шын мәнінде баламен қоғамда болып жатқан түйткілді мәселелер төңірегінде ашық сөйлесу керек. Адамгершілікке байланысты әңгімелерді жиі айтып отыруы, ұлттық құндылықтарды баланың бойына дарытуы қажет екені түсіндірілді. Міне, мұның бәрі осы бағдарламадағы өнегелі 15 минутта көрінісін тапты.

Сабақ арасындағы үзіліс кезінде, күй ойналады. Яғни, ол да ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу болып есептеледі. Қазақ мектептерінде қалыпты жағдай сияқты көрінгенімен, аралас мектептер үшін өте маңызды. Ұзақ үзіліс кезінде оқушылар күй тыңдайды. Биыл өзгеріс болған соң, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына кеңестер берілді, бала тек күй тыңдап қана қоймай, оларға күйдің тарихы туралы ақпарат берілді . Оның авторы кім, маңызы неде? Бала тек тыңдап қана емес, оны түсіну керек. Қазір осындай тәрбиелік мәні бар іс-шаралар қолға алынған. Мысалы, үзіліс арасында ұлттық ойындар ойнатуда жолға қойылған оның да оқушы үшін мәні терең.

«Үнемді тұтыну» бойынша қазір ысырапшылық өте көп. Электр энергиясы, суды тиімді пайдалану сияқты экологиялық мәселелер. Мәселен, күнделікті сынып сағаттарында осы мәселені қозғау аса маңызды және сынып сағаттарында айтылып отырылды.

Мектепте апта сайын қауіпсіздік жөніндегі сабақтары өтті. Осы уақытқа дейін бастауыш, орта буын, және жоғары сыныптар арасында 34-тен аса қауіпсіздік сабақтары өткізілді. Қауіпсіздік сабақтарына мектептің учаскелік полициялары, мектеп медицина қызметкерлері шақырылып отырылды.

«Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ бойынша ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы ашылды, «Даналық мектебі», «Әжелер клубы», «Әкелер клубы», «Аналар клубы», "жеңгелер клубы" секциялары жұмыс істейді.

Әкелер клубының мақсаты – әкелерді ұл баланың тәрбиесіне тарту. Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу.

Әке тек өзі білетін күнделікті кәсіпті үйрету керек. Мысалы, әкесімен бірге қамшы жасау. Оның әсері бөлек. Оның сыртында ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында әжелер клубы бар. Қазіргі таңда кейбір аналар құрақ құруды білмейді. Білгеннің өзінде сол құрақтардың мағынасын айта алмайды. Мысалы, сол бағытта да да жұмыстар жүргізілді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде сыныптан тыс жұмыстар, жобалар жолға қойылған. «Балалар кітапханасы», «Қамқор», «Еңбегі адал – жас өрен», «Шабыт», «Ұшқыр ой алаңы», «Smart bala» жоба бойынша тұрақты түрде жұмыстар атқарылып келді.

«Қамқор» жобасы бойынша Экологиялық тақырыптағы шығармашылық байқау өткізілді (суреттер, эссе, бейнероликтер)., «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы аясында барлық сынып оқушылары құстарға ұя жасау арқылы еңбек етуге дағдыланды. Қоғамға қызмет ету волонтерлік қызметі аясында білім ұйымдарының өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері көмекке мұқтаж қарт адамдарғы үнемі көмектесіп отырды. Бұның өзі ұлттық құндылықтың бір бөлігі деп айтуға болады.

«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы бойынша «Күзгі асар» жәрмеңкесі өткізілді. Қазіргі кезде түлектердің мамандық таңдаудан қиналатынын бәрімізге белгілі, осы орайда «Мамандықтар әлемі» жобасы 9-11 сыныптар арасында қолға алынған, яғни осы жоба аясында 9-11 сынып оқушылары әрбір мамандықтың тыныс-тіпшілігімен, пайдасы, зияны, қиыншылығы қандай екенін таныса отырып өздеріне керекті ақпаратты ала алды, мамандық таңдауға ой түйді. «Шабыт» жобасы бойынша «Даналық ұстаздан», «Ананың аялы алақаны», «Ұлттық мәдениет» көрмесі, «Мектеп театры», «Әншуақ» фестивалі, «Домбыра күні» көрмесі ұйымдастырылды. Осы жоба

аясында тұрақты түрде жұмыс жүргізу нәтижесінде түрлі конкустарға қатысуға мүмкіндіктері болды. «Әншуақ» фестиваліне келетін болсақ 2023-2024 оқу жылынан бері жалғасын тауып келе жатқан жоба.

«Ұшқыр ой алаңы» жобасына келетін болсақ, 2020 жылдан бастап "Дебат клубтары" жұмыс жасайды. «Пікірталас» сайыстары өтті. Және осы жоба аясында да оқушыларымыз аудандық байқауларда жоғары нәтиже көрсетті. «Smart bala» жобасы бойынша роботоехника үйірмелері жұмыс жасайды. Тұрақты жұмыс жүргізудің нәтижесінде оқуыларымыз облыстық және республикалық деңгейде жүлдегер атанды.

«Балалар кітапханасы» жобасы бойынша «Кітаптар айналымы» акциясы, «Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі сияқты жұмыстар атқарылуда. Барлық өткізген іс-шаралар мектебіміздің әлеуметтік парақшасына жарияланды.

2024-2025 оқу жылының қыркүйек айында «Жас Қыран», «Жас Ұлан» ұйымының құрамы бекітіліп, ұйым мүшелері ұйым ережесімен таныстырылды. Ұйым мүшелері төмендегі бағыттар бойынша жұмыстар атқарды. «Жас Ұлан» құрылымы 7 бағыттан тұрады. Олар: Отан, Зерде, Руханият, Еңбек, Салауат, Эко-әлем, Жеті жарғы осы бағыттарды негізге ала отырып мектеп тәлімгері Умирзакова Салима Сериковна қыркүйек айында «Жас Ұлан» ұйымының мүшелерін жұмыс жоспарларымен, ережелерімен таныстырып өтті. Сынып белсенділерінің тізімі жинақталды. Сынып жетекшілерге «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» ұйымының ережелері мен бағыты туралы түсіндірілді. Сынып жетекшілер оқушыларға, ата-аналарға түсіндіру.

«Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымдарының 2024-2025 жылдардағы

сандық көрсеткіші

«Жас Қыран» -58 бала

«Жас Ұлан»-69 бала

Жалпы бала саны-127 бала

Алғашқы білім күніне орай «Менің Отаным - Қазақстан» атты видеороликтер түсірді.

Ұстаздар мерекесіне орай «Жас Қыран», «Жас Ұлан» ұйымы мүшелері ұстаздарға деген видеоқұттықтаулар жолдап мектептің әлеуметтік желілері арқылы «Ұстазыңды құттықта» атты акция өткізді.

https://www.instagram.com/reel/DAqF2WboTK9/?igsh=bTQwcHZ0ZmFjN3Bj

«Ұстаз – ұлы тұлға» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырып, мерекелік іс-шара өтті, жас ұландық оқушылардың өнерін тамашалады. Сонымен қатар, ұстаздар мекересіне орай өздерін ұстаз рөлінде сынап көрді. Мектеп әкімшілік құрамы болып Жас Ұлан ұйымының бағытының басшылары бекітіліп өздерін мектеп директоры мен орынбасарлары рөлінде сынады.

https://www.instagram.com/reel/DA5HJM2ov8e/?igsh=MXZ5MWtjb282aHRodQ==

Отбасы күніне орай «Отбасы –махаббат пен адалдық!» тақырыбында 5-7 сыныптар арасында фото көрме өтті. «Денсаулық зор байлық!» атты спорттық ойындар ұйымдастырылып, сыныптар арасында футбол, волейболдан жарыстар өткізіліп, ойын соңында үздік командалар анықталып марапатталды. Дене шынықтыру пәні мұғалімдерімен бірлесе мектеп оқушылардың арасында тоғызқұмалақ, шахматтан жарыс. «Жас ұрпақ салауатты өмір салтын таңдайды» атты челлендж ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/reel/DAGq6C9oyot/?igsh=bWFxMWlxeXdzczFl

Қазан айында «Күз берекесінен сүйікті қалама»атты Күздік өнімдерден макет-көрме өтті. «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері белсене қатысты.

